
	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ	
	НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
Жастар саясаты жөніндегі кеңес	Жастар саясаты жөніндегі кеңес туралы Ереже	Редакция {{ EDITORIAL_NUMBER: Номер редакции }} 13 беттің 1 беті

БЕКІТІЛДІ
 «С.Ж. Асфендияров атындағы
 ҚазҰМУ» КЕАҚ
 Ғылыми кеңес отырысының
 2022 жылғы 11 қарашадағы
 №2 хаттамасымен

Жастар саясаты жөніндегі Кеңес туралы ереже

Қолдану мерзімі {{ BEGIN_DATE: Дата начала }}. бастап {{ FINISH_DATE: Дата окончания }} дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебе: Әрекеттегі <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: Ректордың бұйрығы «__» _____ 20__ ж. № _____ бұйрығы	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № {{ LOCAL_NUMBER: Per. номер }} Экземпляр № Көшірме №

Алматы – 2022 ж.

	<p align="center">«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</p> <p align="center">НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</p>	
	<p align="center">Жастар саясаты жөніндегі кеңес</p>	<p align="center">Жастар саясаты жөніндегі кеңес туралы Ереже</p>

{{ SIGNERS_LIST: Лист согласования }}


 Последовательное
 Параллельное

 Без повторного согласования при отправке на доработку


#	Ти...	С...	Орга...	Дол...	ФИО	При...	Д...	
	Согл ЭЦГ Сро...	14.	НАО «КазНМ	Руков	Байгараев Жасулан	-	Редэ дант и...	✓ Согласова -
	Согл ЭЦГ Сро...	14.	НАО «КазНМ	Руков	Махмутов Серик Капанович	-	Редэ дант и...	✓ Согласова -
	Согл ЭЦГ Сро...	14.	НАО «КазНМ	Руков	Лахов Сергей Владимир	-	Редэ дант и...	✓ Согласова -
	Согл ЭЦГ Сро...	14.	НАО «КазНМ		Дюсенбин Инна Артуровна	-	Редэ дант и...	✓ Согласова -
	Согл ЭЦГ Сро...	14.	НАО «КазНМ	Руков аппар	Искалиев Азат Маратович	-	Редэ дант и...	✓ Согласова -
	Согл ЭЦГ Сро...	14.	НАО «КазНМ	Проре	Датхаев Убайдилла Махамбет	-	Редэ дант и...	✓ Согласо -
	Подп ЭЦГ	14.	НАО «КазНМ	Предс Правл ректо	Шоранов Марат Едигеевич	-	Редэ дант и...	

Техподдержка

Автор:

Кайролданова Назым Жумагалиевна - Главный специалист - НАО «КазНМУ», Отдел по воспитательной работе

Наименование акта работодателя на казахском языке

Жастар саясаты жөніндегі Кеңес туралы ереже


0 / 256

Наименование акта работодателя на русском языке *

Положение о Совете по молодежной политике


0 / 256

Наименование акта работодателя на английском языке

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Жастар саясаты жөніндегі Кеңес туралы ереже

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Қысқартулар мен белгілер	4
3. Нормативтік сілтемелер	5
4. Кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері	5
5. Кеңестің негізгі қызметтері	6
6. Кеңес құрамы	6
7. Кеңес жұмысының тәртібі	6
8. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	7
9. Кеңес мүшелерінің жауапкершілігі	8
10. Қорытынды ереже	8
11. Өзгерістерді тіркеу парағы	9
12. Танысу парағы	10

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Жастар саясаты жөніндегі Кеңес туралы ереже	Редакция: I 10 беттің 4 беті

1. Жалпы ережелер


- 1) Осы жастар саясаты жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - Кеңес) туралы ереже (бұдан әрі – ереже), Кеңестің мақсаттарын, қызметтерін, құқықтары мен міндеттерін, сондай – ақ коммерциялық емес акционерлік қоғамы «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» (бұдан әрі - Университет) Кеңестің құрамы мен ұйымдастырылуын белгілейтін негізгі нормативтік құжат болып табылады.
- 2) Кеңес Университетте Жастар саясатын жүзеге асыру және іске асыру жөніндегі қызметтің алқалы кеңесші, үйлестіруші органы болып табылады.
- 3) Кеңес өз қызметінде басшылыққа алады:
 - Университет Жарғысын;
 - ұжымдық шартты;
 - Ішкі еңбек тәртібі ережелерін;
 - Ішкі оқу тәртібі ережелерін;
 - ISO 9001:2015 халықаралық стандартымен, сапа менеджменті жүйесінің бекітілген құжаттарымен (Университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттары, Сапа жөніндегі басшылық, құжатталған сапа рәсімдері және т. б.);
 - ISO 37001 халықаралық стандартымен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен, университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен және университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарымен;
 - Университет басқармасы мен Директорлар кеңесінің, Ғылыми кеңестің шешімдерімен;
 - Университеттің ПОҚ және қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі;
 - Университеттің жоғары басшылығы мен жоғары тұрған басшының бұйрықтары мен өкімдері;
 - Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, Кеңестің қызмет саласына қатысты халықаралық нормалармен;
 - осы Ережені.
- 4) Осы Ереже тікелей қолданылатын құжат болып табылады және ол бекітілген күннен бастап орындалуы міндетті.

2. Қысқартулар мен белгілер

Ережеде келесі қысқартулар мен белгілер қолданылады:

жастар - Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары;

мемлекеттік жастар саясаты - мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Жастар саясаты жөніндегі Кенес туралы ереже	Редакция: 1 10 беттің 5 беті

білім алушы - мамандығы/білім беру бағдарламасы бойынша кәсіптік білім алу немесе дайындық бөлімінде білім алу үшін университетте белгіленген тәртіппен қабылданған тұлға;

ПОҚ - профессорлық - оқытушылар құрамы.


3. **Нормативтік сілтемелер**

Ереже келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданды (17.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);
- ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен);
- «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік компонентін күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 Қаулысы (02.07.2013 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 09.02.2015 ж. № 285-V ҚРЗ Заңы (04.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбиелеу тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығы.

4. **Кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері**

- 1) Кеңестің негізгі мақсаттары Университеттің жастар саясатын енгізу және жетілдіру процестерін үйлестіру, білім алушылардың мәселелерін шешу бойынша кешенді шараларды қалыптастыру және жүзеге асыру бойынша ұсынымдар әзірлеу және басымдықтарды айқындау болып табылады.
- 2) Кеңестің негізгі міндеттері:
 - Университеттің жастар саясаты саласындағы стратегиялық бағытын анықтау және әзірлеу;
 - бағыт бойынша жұмыстың тиімділігін талдау және жетілдіру әдістерін анықтау;
 - жетекшілік ететін проректордың басшылығындағы құрылымдық бөлімшелер қызметінің бағыты бойынша назар аударуды талап ететін мәселелерді талқылау;
 - жастар саясаты мәселелері бойынша ішкі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау және қарастыру.
- 3) Кеңестің негізгі қызметтері
Кеңес жүзеге асыратын қызметтер:
 - жастар саясаты саласындағы негізгі іс-шаралар жоспарын қалыптастыру және бекіту;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Жастар саясаты жөніндегі Кеңес туралы ереже
		Редакция: 1 10 беттің 6 беті

- Университетте жастар саясатын жүзеге асыру мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау;
- жастарға арналған іс-шараларды өткізу саласындағы жұмысты жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар туғызу;
- жастар саясаты мәселелері бойынша университет қызметінің стратегиялық жоспарын әзірлеу;
- жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерді реттеудің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- жастардың әлеуметтік, құқықтық, білім беру, мәдени, адамгершілік, патриоттық, дене шынықтыру және өзге де даму салаларындағы құрылымдық бөлімшелердің қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарастыру және әзірлеу;
- жастар саясаты мәселелері бойынша кездесулер, дөңгелек үстелдер, конференциялар және өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- жастар саясаты саласындағы шетелдік және отандық жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және қорыту;
- Университеттің жастар саясаты саласындағы өңірлік және республикалық үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылына жәрдемдесу.
- Университеттің рейтингі мен имиджін арттыру;

5. Кеңес құрамы

- 1) Кеңестің құрамына проректорлар, әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің басшысы, тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің бас маманы, Университеттің Студенттік үкіметінің өкілдері және басқалар кіреді.
- 2) Кеңесті жетекшілік ететін проректор тұлғасындағы Кеңес төрағасы басқарады.
- 3) Кеңес хатшысы Кеңес төрағасының ұсынуы бойынша тағайындалады.
- 4) Кеңес туралы Ереже, Кеңес құрамы Ғылыми кеңес шешімімен және/немесе проректордың бұйрығымен бекітіледі.

6. Кеңес жұмысының тәртібі

- 1) Кеңестің отырыстары жаңа оқу жылындағы бірінші отырыста бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына кемінде бір рет өткізіледі.
- 2) Кеңестің кезектен тыс отырысын өткізу туралы шешімді оның төрағасы немесе Кеңес құрамының кемінде жартысының талап етуі бойынша қабылдайды.
- 3) Кеңес хатшысы Кеңестің отырысын дайындауды жүзеге асырады, ол отырысқа дейін бес күннен кешіктірмей Кеңес мүшелерін күн тәртібі туралы хабардар етеді.
- 4) Күн тәртібінде өткізілетін күні, уақыты мен орны, сөз сөйлеу регламенті және отырыста талқыланатын мәселелер көрсетіледі.



- 5) Кеңес отырысы егер оған кеңес мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.
- 6) Кеңестің шешімдері отырысқа қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Берілген дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс Кеңес төрағасына тиесілі болады.
- 7) Кеңесте алқалы түрде қабылданған шешімдер оның мүшелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады. Әрбір шешім бойынша шешімнің орындалуын бақылайтын жауапты тұлға тағайындалады.
- 8) Кеңес отырысына Университеттің құрамына кірмейтін құрылымдық бөлімшелерінің шақырылған өкілдері қатыса алады.
- 9) Ағымдағы жұмысты ұйымдастыруды, құжаттаманы жүргізуді және қабылданған шешімдердің уақтылы орындалуын бақылауды Кеңес төрағасы қамтамасыз етеді.
- 10) Кеңес хатшысы Кеңес отырыстарының күн тәртібі мен хаттамаларын қалыптастырады, университеттің жастар саясаты саласындағы іс-шаралар жоспарын кеңес отырысына дейін үйлестіреді.
- 11) Кеңестің отырыстары күн тәртібіне сәйкес өтеді, ол университетте жастар саясатын жүзеге асыру бойынша ұсыныстарынан құралады.
- 12) Күн тәртібі бойынша ұсыныстар электрондық хат түрінде ресімделеді және кеңес отырысы өткізілгенге дейін 5 күннен кешіктірілмей кеңестің корпоративтік поштасына жіберіледі.
- 13) Кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді және барлық мүдделі бөлімшелерге танысу үшін жіберіледі.
- 14) Кеңес мүшелері өз қызметінде Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.


8. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Төрағаның құқығы бар:

- Кеңес мүшелері арасында өкілеттіктерді бөлу;
- Кеңестің шешімдерін іске асыруға жауаптыларды тағайындау;
- міндеттер қою, тапсырмалар беру және оларды орындау мерзімдерін белгілеу, сондай-ақ жастар саясаты мәселелері бойынша тапсырмаларды орындауды талап ету;
- жастар саясаты мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметін жетілдіруге сәйкес түрлі жобаларды орындау үшін жұмыс топтарын құру;
- Университеттің жоғары алқалы органы - Ғылыми кеңесте Кеңестің мүдделерін білдіру.

Кеңес мүшелерінің құқығы бар:

- Кеңес отырысының күн тәртібіне ұсыныстар енгізу;
- Кеңес қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге қатысу;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Жастар саясаты жөніндегі Кеңес туралы ереже	Редакция: 1 10 беттің 8 беті

- Кеңестің отырыстарына- ПОҚ, университет қызметкерлерін және басқа да мүдделі тұлғаларды шақыруға;
- жастар саясаты мәселелері бойынша қызмет туралы ақпарат пен есептерді, сондай-ақ университеттің түрлі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан жұмысты орындау үшін қажетті мәліметтерді алуға.

Кеңес мүшелері міндетті:

- осы Ережеде айқындалған міндеттер мен қызметтерді толық көлемде орындау;
- кеңестің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру;
- құрылымдық бөлімшелердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру және олардың нәтижелілігін бағалау;
- Университетті басқаруды басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті жастар саясаты бойынша ақпаратпен уақтылы қамтамасыз ету.

9. Кеңес мүшелерінің жауапкершілігі

- 1) Кеңес төрағасы осы Ережемен Кеңеске жүктелген қызметтің сапасы мен уақтылы орындалуына жауапты болады.
- 2) Кеңестің әрбір мүшесі осы Ереженің талаптарына сәйкес Кеңес қызметі аясында жұмыстар мен іс-шаралардың орындалуына дербес жауапты болады.

10. Қорытынды ереже

- 1) Осы ереже Университеттің білім алушылармен жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың бір бөлігі болып табылады.
- 2) Жастар саясаты жөніндегі Кеңес Ғылыми кеңес шешімі негізінде құрылады және таратылады.
- 3) Осы ережені Кеңес мүшелеріне және Университеттің басқа да мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізу және оның орындалуын қадағалау, өзектілігін қамтамасыз ету міндеті Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің басшысына жүктеледі.

